



«БЕКІТЕМІН»

«О.А. Байқоңыров атындағы тау-кен  
металлургия институтының директоры  
Рысбеков Қ.Б.

« 17 » \_\_\_\_\_ 2022 ж.

«Маркшейдерлік және геодезия»  
кафедрасының меңгерушісі

Орынбасарова Э.О.  
« 17 » \_\_\_\_\_ 2022 ж.

**СИЛЛАБУС**

**МАР4531 – Геодезия (мамандыққа кіріспе) пәнінен**

*(Пән коды мен атауы)*

**8 кредит(2/0/2/4)**

2021/2022 оқу жылының көктемгі семестрі

**Алматы 2022**

«О.А.Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия» институты  
«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

**1. Оқытушы туралы ақпарат: ассон .профессор**

**Дәріскер: Рысбеков Қанай Бахытович**

Оқу форматы - 100% онлайн Кіру:

Сәрсенбі 14-20 -15-10

MicrosoftTeams;

<https://polytechonline.kz/cabinet/course/view.php?id=4196>

кеңсе: 232 ГМК

e-mail: k.rysbekov@satbayev.university

Офис-сағаты:

Бейсенбі 13 00 -14 00

whatsup +7(701)9636320

**Тәжірибелік сабақтар: Сеньор-лектор, доктор PhD**

**Айтказинова Шынар Касымкановна**

**Нуркарбеков Жупар М.**

Оқу форматы – күндізгі/ онлайн

Кіру: Политех онлайн, МісTeams

whatsup,whatsup +8-707-811 -59-05

e-mail: shina.a@mail.ru,

Офис-сағаты: \

Microsoft Teams

Бейсенбі 13<sup>00</sup>-14<sup>00</sup> 251

**Курсқа қойылатын талаптар:**

- > Компьютердің және компьютерлік техниканың болуы.
- > Жылдамдығы кемінде 0,5 Мбит/сек. болатын интернет-арнаның болуы.
- > Місғозой 365 платформасында оқытушының өз суреті қойылған жеке аккаунты және корпоративтік поштасы болуы.
- > Сабақ кестесіне сәйкес сабаққа қатысу міндетті.

**1. Курстың сипаттамасы:**

1.1 Курс «6В07303, 6В07304-Геокеністіктік цифрлық инженерия» БББ-ның студенттеріне арналған. Пәнді оқудың мақсаты студенттерге геодезияның жер туралы ғылым ретінде топографиялық-геодезиялық зерттеулер, топографиялық пландарды құру және түзету, инженерлік, кадастрлық және басқа да міндеттерді шешу кезінде геодезиялық жұмыстардың құралдары мен әдістері туралы қазіргі заманғы түсінігін қалыптастыру болып табылады.

Курс аясында студент топографиялық геодезиялық материалды, оптикалық- механикалық және электронды геодезиялық құралдарды адамның білімі мен практикалық қызметінің әртүрлі салаларында инженерлік мәселелерді шешу үшін практикалық қолдануды **игереді**.

Топографиялық карталар мен пландарды білікті оқу және олардың негізінде түрлі есептерді шешу, пландық биіктік түсірілім негіздемесін жасау, жергілікті жердің түсірілімін орындау, далалық өлшеулерге арналған геодезиялық аспаптарды қолдану, нәтижелерін камералдық өңдеу және жергілікті жердің жоспарын талап етілетін дәлдікпен ұсыну бойынша негізгі **білім мен дағдылар** ұсынылатын болады.

1.2 Курстың қорытынды кезеңі - қорытынды емтихан.

Курсты аяқтағаннан кейін студент оптикалық-механикалық және электрондық геодезиялық аспаптармен жұмыс істеуде, жергілікті жерлердің негізгі геодезиялық түсірілімдерін орындауда, геодезиялық өлшеулердің нәтижелерін қажетті дәлдікпен математикалық өңдеуде және пландармен карталар бойынша инженерлік есептерді шешу жұмыстарында өз қабілетін көрсете білуі тиіс.

1.3 Студент **меңгеруі тиіс:**

- топографиялық-геодезиялық материалды пайдалану, яғни топографиялық картаны оқу, оның негізінде графикалық және математикалық есептік сипаттағы тиісті тапсырмаларды шешу;

- геодезиялық аспаптарды зерттеу, тексеру және юстировкалау;  
- түсірілім негіздемесін құру және жер бетінде түсірудің негізгі түрлерін (теодолиттік, тахеометриялық, нивелирлеу) орындау;

- қажетті дәлдікпен далалық өлшеу нәтижелерін математикалық өңдеу.

2.4 Курстың соңында студент мыналарды **білуі тиіс**:

- геодезияда қолданылатын негізгі ұғымдар мен терминдерді;  
- негізгі геодезиялық аспаптардың құрылысын;  
- жер бетінде бұрыштық, сызықтық және биіктік өлшеулерді орындау әдістемесін;  
- геодезиялық өлшеулерді камералдық өңдеуді;  
- топографиялық құжаттарды құрастыруға қойылатын негізгі талаптарды;  
- топографиялық түсірілім жүргізу және түсірілім негіздемесін құрудың негізгі әдістерін.

### 3. Күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Апталар	Дәріс тақырыбы	Сағат саны	Практикалық жұмыстар тақырыбы	Сағат саны	Әдебиеттер	Тапсырма	Өткізу мерзімі
1	Геодезия туралы жалпы мәлімет. Халық шаруашылығын дамытудағы геодезияның алатын орны. Жердің пішіні мен көлемі. Жазықтықтағы жер бетінің бейнесі (план, карта, профиль). Карталар мен пландардың номенклатурасы.	2	Картамен жұмыс. Масштабтар (сандық, сызықтық және көлденең) және олардың дәлдігі	2	[1] 8-14, 36-40 [2] 7-24, 74-92 [3] 5-14, 26-38 [4] 7-16, 31-34 [5] 8-28	№1 Есептеу-графикалық жұмыс СӨЖ	
2	Геодезияда қолданылатын координаталар жүйесі. Географиялық және тік бұрышты координаталар жүйесі	2	Карта бетінен инженерлік есептер шығару. Карта бетінен нүктелердің географиялық және тікбұрышты координаталарын анықтау	2	[1] 50-52 [2] 28-41, 85-92 [3] 14-18 [4] 18-19 [5] 18-40	№2 Есептеу-графикалық жұмыс СӨЖ	2 апта
3	Жер бетінде сызықтарды бағдарлау. Тура және кері геодезиялық есептер. Аудан анықтау.	2	Картадан бағдарлау бұрыштарын анықтау. Азимуттар, дирекциондық бұрыштар, румбтар және олардың өзара байланысы	2	[1] 27-32, 59-63 [2] 41-54 [3] 40-49 [4] 24-29, 160-172 [5] 40-58	№3 Есептеу-графикалық жұмыс СӨЖ	3 апта
4	Жер бетінің бедері, оны бейнелеудің әдістері. Жер бетіндегі нүктелердің абсолюттік және салыстырмалы биіктіктері. Карталар мен пландардағы шартты белгілер.	2	Карта бетіндегі горизонтальдар мен жұмыс. Нүктенің биіктігін анықтау. Картадағы бағыттар бойынша	2	[1] 44-49 [2] 58-74 [3] 51-63 [4] 41-45, 39-41	№4 Есептеу-графикалық жұмыс СӨЖ	4 апта

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Апта	Дәріс тақырыбы	Сағат саны	Практикалық жұмыстар тақырыбы	Сағат саны	Әдебиеттер	Тапсырма	Өткізу мерзімі
			профильдер тұрғызу				
5	Топографиялық түсірулер. Геодезиялық негіздеме жасау әдістері. Пландық, биіктік геодезиялық тораптар. Геодезиялық тораптарды бекітуге арналған белгілер.	2	Тура және кері геодезиялық есептер шығару	2	[1] 65-85 [2] 95-110 [3] 83-88 [4] 129-133 [5] 85-114	№5 Есептеу-графикалық жұмыс СӨЖ	5 апта
6	Геодезиялық өлшеулер және олардың дәлдігі. Өлшеу кателері. Теодолит және оның құрылысы.	2	4Т30, GT-5 теодолитінің құрылысы. Тексерулері мен жөндеулері	2	[1] 88-99 [2] 120-142 [3] 70-80 [4] 69-74 [5] 58-75	№6 Есептеу-графикалық жұмыс СӨЖ	6 апта
7	Теодолитті жұмыстық қалыпқа келтіру. Горизонталь және вертикаль бұрыштарды өлшеу принциптері.	2	Горизонталь және вертикаль бұрыштарды өлшеу. Жіптік қашықтық өлшеу.	2	[1] 103-109 [2] 142-174 [3] 114-143 [4] 80-102 [5] 58-75	Есептеу-графикалық жұмыс СӨЖ	
8	Сызықтық өлшеулер. Өлшеу аспаптары. Сызықтардың ұзындығын таспамен, оптикалық қашықтық өлшегіштермен, жарық және радио қашықтан өлшегіштермен өлшеу.	2	Горизонталь және вертикаль бұрыштарды өлшеу. Жіптік қашықтық өлшеу.	2	[1] 112-122 [2] 155-160 [3] 145-184 [4] 105-124 [5] 58-75	Есептеу-графикалық жұмыс СӨЖ	7 апта-8 апта
1-ші аралық (Midterm) аттестация							8 апта
9	Теодолиттік түсіріс. Далалық өлшеулер. Теодолиттік түсірістердің мәні, дайындық жұмыстары, байланыстыру, ситуацияны түсіру	2	Теодолиттік түсірістің нәтижелерін камералдық өңдеу	2	[1]124-128 [2] 142-174 [3] 261-263, 238-242 [4] 138-143	Есептеу-графикалық жұмыс СӨЖ	
10	Далалық өлшеу нәтижелерін математикалық өңдеу. Координаталарды есептеу ведомосы. Теодолиттік түсірістің далалық өлшеулерін камералдық өңдеу. Ситуацияларды түсіру.	2	Тұйықталған теодолиттік жүрістің өңделген мәліметтерін сызу.	2	[1] 130-134 [2] 174-189 [3] 271-274 [4] 148-155	Есептеу-графикалық жұмыс СӨЖ	10 апта
11	Биіктік өлшеулер. Нивелирлеу. Нивелирлеу әдістері. Нивелир және оның құрылысы. Нивелирдің тексерулері.	2	Нивелирдің құрылысы. Ортадан және алға қарай нивелирлеу. Нивелирдің тексеруі.	2	[1] 139-146 [2] 194-200 [3] 187-219 [4] 174-192 [5] 75-84	Есептеу-графикалық жұмыс СӨЖ	
12	Техникалық нивелирлеу жүргізу. Нивелирлеудің журналын өңдеу.	2	Техникалық нивелирлеудің журналын өңдеу.	2	[1] 148-153 [2] 203-226 [3] 285- 303	Есептеу-графикалық жұмыс	12 апта

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Апта-лар	Дәріс тақырыбы	Сағат саны	Практикалық жұмыстар тақырыбы	Сағат саны	Әдебиеттер	Тапсырма	Өткізу мерзімі
	Трассаның бойлық профилін сызу.		Трассаның профилін сызу.		[4] 197-200	СӨЖ	
13	Тахеометриялық түсіріс. Түсіріс негізінің торын құру. Ситуация мен бедерді түсіру	2	Тахеометриялық түсіріс және нәтижесін камералдық өңдеу	2	[1] 159-164 [2] 232-242 [3] 267-271 [4] 236-245	Есептеу-графикалық жұмыс СӨЖ	
14	Жергілікті жердің сандық моделі туралы түсінік және қолданылатын бағдарламаларға шолу.	2	Тахеометриялық түсіріс нәтижесін камералдық өңдеу және топографиялық план сызу	2	[1] 50-52 [4] 135-138, 271-275	Есептеу-графикалық жұмыс СӨЖ	
15	Топографиялық түсірістердің автоматтандырылған тәсілдері. Электронды тахеометрлік түсіріс. Геодезиялық жер серіктік жүйелер.	2	Тахеометриялық түсіріс нәтижесін камералдық өңдеу және топографиялық план сызуда бағдарламалық кешендерді пайдалану	2	[1] 168-193 [4] 249-262 [5] 137-169	Есептеу-графикалық жұмыс СӨЖ	14 апта- 15 апта
2-ші соңғы (Endterm) аттестация							15 апта
Емтихан						<u>Билет</u>	Кестеге сай

\* Мерекелік күндерге байланысты күнтізбелік-тақырыптық жоспарда өзгерістер болуы мүмкін

#### 4. Әдебиет:

Негізгі әдебиеттер	Қосымша әдебиеттер
1. Нурпейісова М.Б. Геодезия. - және т.б. Геодезия. - Астана: Фолиант, 2016. - 240 б.	4.Поклад Г.Г., Гриднев С.П. Геодезия. - М.: Академический проект, 2013. -544 с. <a href="http://www.iprbookshop.ru/60128.html">http://www.iprbookshop.ru/60128.html</a>
2. Сарсембекова А. С. Геодезия негіздері [Текст] : оқулық / - Астана : Дана, 2017. - 420 б. : сурет. - ISBN 978-9965-31-961-7	5. Ходоров С.Н. Геодезия-это очень просто. Введение в специальность. М-Инфра-Инженерия. 2020-176 с. <a href="http://www.iprbookshop.ru/98390.html">http://www.iprbookshop.ru/98390.html</a>
3.Гиршберг М. А. Геодезия [Текст] : задачник: учеб. пособие / М. А. Гиршберг. - изд. стер. - М. : ИНФРА-М, 2017. - 288 с. : ил. - (Выш. образование. Бакалавриат). - ISBN 978-5-16-006350-8 ( <a href="https://e-lib.satbayev.university/MegaPro/Download/MObject/9147">https://e-lib.satbayev.university/MegaPro/Download/MObject/9147</a> )	6. Поклад Г.Г., Гриднев С.П. и др. Практикум по геодезии, учебное пособие. - М.: Академический проект, 2015. -488 с. <a href="http://www.iprbookshop.ru/36497.html">http://www.iprbookshop.ru/36497.html</a>
7. Азаров Б.Ф., Карелина И.В., Мурадова Г.И., Хлебородова Л.И. Геодезическая практика: учебное пособие – СПб.: Издательство «Лань» - 2015. – 288 с. <a href="https://e.lanbook.com/book/65947">https://e.lanbook.com/book/65947</a>	8. <a href="http://www.geoprofi.ru/">http://www.geoprofi.ru/</a> <a href="http://www.gisa.ru/">http://www.gisa.ru/</a> <a href="https://geosystems.kz/">https://geosystems.kz/</a>

\* Әдебиеттер кітапхананың электрондық ресурстарында қолжетімді  
~ Әдебиеттер оқытушының оқу порталында қолжетімді.

#### 5. Құзыреттілік шеңбері

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Оқыту дескрипторлары	Құзыреттілік				
	Ғылыми-жаратылыстану және теориялық-дүниетанымдық	Әлеуметтік-жеке және азаматтық	Жалпы инженерлік, кәсіби	Мәдениетаралық және коммуникативтік	Арнайы мамандандырылған
Білім және түсінік	X				
Білім мен түсінікті қолдану		X	X		X
Пікір білдіру және әрекеттерді талдау	X				
Коммуникативтік және шығармашылық қабілеттер			X		X
Өздігінен білім алу және цифрлық дағдылар		X	X		X

**6. Қажетті жұмыстарды тапсыру кестесі**

№	Бақылау түрі	Аптадағы макс. баллы	Апталар															Макс. бал-р қорытындысы
			1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	
1	Дәрісті талдау белсенділігі, тест	0,5		*	*	*	*	*	*		*	*	*	*	*	*		6
2	Тапсырмаларды орындау СООЖ	0,5		*	*	*	*	*	*		*	*	*	*	*	*		6
3	Практикалық жұмыстарды орындау, тапсыру	2-4		*	*	*	*	*	*		*	*	*	*	*		24	
4	Студенттің өзіндік жұмысы СӨЖ						*						*				4	
5	1-аралық аттестация(Midterm)	10									*						10	
	2-соңғы аттестация (Endterm)	10														*	10	
	Қорытынды емтихан	40															40	
	Барлық қосындысы			3	3	3	5	3	3	10	1	4	3	4	4	4	10	100

\* Қорытынды емтихан әр түрлі деңгейдегі тапсырмалардан тұрады.

**7. Бағалау рейтингі және критерийлер бойынша бағалаудың мүмкін болатын соңғы нұсқалары**

Әріптік бағалау	GPA	балдар	Критерийлері
A	4	95-100	Оқытылатын курс көлемінен асатын білімнің ең жоғарғы стандарттарын көрсетеді
A-	3,67	90-94	Білімнің ең жоғары стандарттарына сәйкес келеді
B+	3,33	85-89	Өте жақсы және білімнің жоғары стандарттарына сәйкес келеді
B	3	80-84	Жақсы және білімнің жоғары стандарттарына сәйкес келеді
B-	2,67	75-79	Жоғары стандарттарға жақын жеткілікті білім
C+	2,33	70-74	Жалпы стандарттарға сәйкес келетін жеткілікті білім
C	2	65-69	Жалпы білім стандарттарының көбіне сәйкес келеді және қанағаттандырылғық білім

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

C-	1,67	60-64	Қанағаттандырылдық, бірақ кейбір білім бойынша стандарттарға сәйкес келмейді
D+	1,33	55-59	Минималды қанағаттандырады, бірақ кең ауқымды білім стандарттарына сәйкес келмейді
D	1	50-54	Стандарттарға сәйкес келуі күмәнді минималды қанағаттандырылдық өту балы
FX	0,5	25-49	Уақытша бағалау: қанағаттанарлықсыз төменгі көрсеткіш, емтиханды қайта тапсыруды қажет етеді
F	0	0-49	Пәнді игеруге тырыспады. Студент емтиханның айла арқылы баға алмақ болған кезде де қойылады
I	0	0	Уақытша бағалау: Курстың көп бөлігін сәтті аяқтап, нақты жағдайларға байланысты қорытынды бақылау іс-шараларын тапсыра алмауы
W	0	0	Студенттің пәннен өз еркімен бас тартуы және оны 6-шы оқу аптасына дейін игермеуі
AW	0	0	Студент академиялық тәртіп пен ережелерді жүйелі түрде бұзғаны үшін оқытушы оны пәннен алып тастауы

### 8. Бағалау критерийлері

Тесттен басқа әр жұмыс 4 критерий бойынша бағаланады:

- ұқыптылық пен дәлдік (A) – 30% (жұмыс қаншалықты ұқыпты және дәл есептелген)
- шығармашылық және креативтілік (T) - 30% (жұмыс қалай және қандай үлгіде ұсынылған)
- толықтығы мен жетілуді (H) - 40% (жұмыс қаншалықты терең, қисынды және құрылымдық түрде шешілді)
- ерекшелік (O) – арнайы 1.0; 0-0.5 немесе 0 коэффициенті қолданылады.

Критерийлері	Өте жақсы (0.9-1.0)	Жақсы (0.7-0.9)	Қанағаттанарлық (0.4-0.7)	Қанағаттанарлықсыз (0-0.4)
Ұқыптылық пен дәлдік	Шешім барысын баяндаумен есептеулердің абсолютті дәлдігі, теңдеулерді шешудің аналитикалық және графикалық тәсілдерінің толық кеңдігі	Болмашы дәлсіздіктер бар (минус 0.1 – әрбір қате жауап үшін; минус 0.5-талдамалық шешімді ұсынудың анық еместігі үшін)	Елеулі дәлсіздіктер бар (минус 0.1 – әрбір қате жауап үшін; минус 0.5-Талдамалық шешімді ұсынудың анық еместігі үшін)	Жұмыс дұрыс есептелмеді (минус 0.1 – әрбір қате жауап үшін; минус 0.5-Талдамалық шешімді ұсынудың анық еместігі үшін)
Шығармашылық және креативтік	Нақты сценарий жоспарымен автордың шығармашылық және стандартты емес тәсілі	Стандартты жоспары нұсқаулық негізіндегі баяндаулар	Стандартты жоспары нұсқаулық негізіндегі әдістеме анық емес немесе түсініксіз сценарий жоспарымен орындау	Орындауда ең төменгі стандарттардан ауытқу
Толықтығы мен жетілуді	Қойылған міндеттер толығымен орындалып қана қоймай, сонымен қатар мәселені шешудің басқа тәсілдері де ұсынылған	Тапсырма кішігірім кемшіліктермен толығымен орындалды, мысалы, өлшем бірліктері қойылмаған (минус 0.1 – әрбір өткізіп алған жағдай үшін)	Тапсырмалар толық емес немесе айтарлықтай қателіктермен орындалды, мысалы, өлшем бірлігі қойылмаған (минус 0.5 – әрбір өткізіп алған жағдай үшін)	Негізгі тапсырмалар орындалмады
Ерекшелігі	1.0-жұмыс толығымен түпнұсқа, түпнұсқа	0.5-жұмыс әріптесінен көшіріп алынады (коэффициент екеуіне де қойылады)		0-жұмыс және оның маңызды бөліктері түпнұсқа сілтемелерді

	және өтініш берушінің өз күшімен орындалды		көрсетпей басқа көздерден алынады
--	--	--	-----------------------------------

Жалпы балл формула бойынша есептеледі:

$$Баға = (Ұ + Ш + Т) \times E$$

#### 9. Жұмысты кеш тапсыру саясаты:

Студент дәрістер мен практикалық сабақтарға дайындалып келуі керек. Барлық жұмыс түрлерін (практикалық және өзіндік) толық орындау және уақытында қорғау талап етіледі. Студент сабақтан кешікпеуі және қалмауы қажет, жауапты және ұқыпты болуы керек. Уақытылы тапсырылмаған жұмыс үшін максималды балды 10% төмендету көзделген. Егер Сіз белгілі себептермен аралық бақылауды өткізіп жіберуге мәжбүр болсаңыз, онда Сіз бұл туралы оқытушыға алдын ала ескертіп, ертерек тапсыру мүмкіндігін алсаңыз болады. Емтиханды себепсіз жіберіп алу Сіздің оны қайта тапсыру құқығыңыздан айырады. Егер сіз емтиханды дәлелді себептермен жіберіп алсаңыз, қайта тапсыруға арнайы рұқсат беріліп, емтиханның күні, уақыты мен орны белгіленеді.

#### 10. Сабаққа қатысу саясаты:

Студент сабақтан кешікпеуі және қалмауы, жауапты және ұқыпты болуы қажет. Студент дәрістер мен практикалық сабақтарға дайын болып келуі керек. Практикалық жұмыстың есептеулерін уақытында тапсыруы, жұмыстың барлық түрлерін (практикалық және өзіндік) толық орындау талап етіледі.

#### 11. Академиялық тәртіп және этика саясаты:

Басқа адамдардың пікірін құрметтеңіз, төзімді болыңыз. Қарсы пікіріңізді дұрыс қалыпта білдіріңіз. Плагиатқа және адал емес жұмыстың басқа түрлеріне жол берілмейді. Басқа студенттер үшін емтихан тапсыруға, өзгеден көшіруге, айла қолдануға жол берілмейді. Курстың кез-келген ақпаратын бұрмалап отырған студент «F» қорытынды бағасын алады.

Дәріс және практикалық сабақтардағы *белсенділік* сіздің қорытынды балл / баға алуыңызға тікелей байланысты. Көптеген теориялық сұрақтар дәріс материалдарына қосылып, тек дәріс сабақтарында оқылады. Сондықтан сабақты жіберіп алу сіздің үлгеріміңізге және сіздің соңғы бағаңызға әсер етуі мүмкін. Сабақ аяқталғанға дейін қандай да бір себептермен *екі рет* кету немесе кешігу *бір жіберілген сабақ* ретінде есептеледі. Алайда, тек сабаққа қатысу ұпайдың жоғарылауын білдірмейді. Сіздің сабақта үнемі белсенді болуыңыз қажет. Курстың міндетті талабы - әр сабаққа дайын болу. Оқулықтың көрсетілген бөлімдерін және қосымша материалдарды практикалық жаттығуларға дайындық кезінде ғана емес, сонымен бірге тиісті дәріске қатыспас бұрын да қарап шығу керек. Мұндай дайындық Сіздің жаңа материалды қабылдауыңызды жеңілдетеді және университет қабырғасында білімді белсенді түрде алуға ықпал етеді. Пәнді оқыту шеңберінде кез-келген нысандағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол берілмейді. Мұндай іс-шараларды ұйымдастырушы (мұғалім, студенттер немесе олардың атынан үшінші тұлғалар) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін толық жауапкершілікке тартылады.

**Көмек:** Өздік жұмыстарды орындау, оларды тапсыру және қорғау бойынша кеңестер, сондай-ақ өтілген материал туралы және оқылатын курс туралы барлық туындаған сұрақтар туралы қосымша ақпарат алу үшін оқытушымен жұмыс уақытында немесе тәулік бойы электронды байланыс құралдары арқылы байланыса аласыз.

#### Қашықтықтан оқыту барысында:



Сабақ кестесіне сәйкес міндетті түрде қашықтықтан сабаққа қатысу бұл сабаққа дайындығын анықтайды. Қашықтықтан сабаққа қатыспаған жағдайда студент оқытушыға тәулік ішінде хабарлауға және сабақты өздігінен үйрену жоспарын түсіндіруге міндетті.

- оқу алдында ұсынылған материалдарды міндетті түрде оқып шығу;
- тапсырмаларды уақытында тапсыру. Кеш тапсырғаны үшін -10% айыппұлдар қарастырылған;
- 20% сабаққа қатыспау (растайтын құжаттармен дәлелді себептерімен) - «F (Fail)» бағасына тең;
- тапсырманы орындау кезінде плагиат пен алдауға жол берілмейді;
- электронды гаджеттерді сабақта қолдану рұқсат етілгенімен, емтихан кезінде пайдалануға жол берілмейді;

Пәнді оқыту аясында сыбайлас жемқорлықтың кез-келген көріністеріне жол берілмейді. Мұндай іс-шараларды ұйымдастырушы (мұғалім, студенттер немесе олардың атынан үшінші тұлғалар) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін толық жауапкершілікке тартылады.

2021 ж. «21» қаңтар № 6 «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедра отырысының хаттамасымен бекітілді.

Құрастырушы: ассоц. профессор  РЫСБЕКОВ К.Б.

сениор лектор  АЙТКАЗИНОВА Ш.К.

сениор лектор  НУКАРБЕКОВА Ж.М.